

Қарасу ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын 2013 жылы ұсыну туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2013 жылғы 12 маусымдағы № 121 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 маусымда № 4156 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 2014 жылғы 23 маусымдағы № 02-4-128 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қостанай облысы Қарасу ауданы мәслихатының 23.06.2014 № 02-4-128 хатымен)

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18 бабының 2-тармағының 7) тармақшасына және 8, 9-тармақтарына сәйкес, Қарасу аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қарасу ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына 2013 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

2. Осы шешімнің күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына таратылады.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жетінші сессияның төрағасы

Б. Қадырбеков

Қ а р а с у

а у д а н д ы қ

мәслихатының хатшысы

С. Қазиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарасу ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

Е. Биркель

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК